

6D011300-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Касимбекова Мереке
Даулетбековнаның «Білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыруда дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін
оқыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістер, елдің қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында тұрған күрделі міндеттер педагогтың кәсіби қызметінің мәні мен функциялары туралы көзқарастарды қайта қарауды талап етеді. Кәсіби қызметтің когнитивті аспектісіне көңіл бөлінетін педагогтың кәсіби еңбегінің дәстүрлі парадигмасы өткен уақыттың еншісінде қалады. Бұл салада өзгерістер қажет, ал педагог жаңа прогрессивті әдістерді әзірлеуге, игеруге және қолдануға және оларды білім беру жүйесіне сәтті енгізуге қабілетті, жаңаратын жүйеде жұмыс істеуге дайын, педагогтың шығармашылық даралығын өзектендіру мақсаттарын көздейтін инновациялық қызметке инструменталды рөл атқаруы керек.

Қазіргі уақытта білікті, бәсекеге қабілетті, шығармашылықпен ойлайтын педагогтың тұлғасына сұраныс артып отыр.

Осыған орай, Касимбекова Мерекенің тақырыбын: «Білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін оқыту» деп таңдауы білім берудегі өзекті мәселелердің бірі- кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың шешімін табуда жасалған жұмыстардың бірі болып табылады.

Касимбекова Мерекенің зерттеу жұмысында ұсынылған болжамын тексеру және оның нәтижесін талдау бойынша экспериментальды жұмысын сауатты жүргізуіне докторанттың теориялық дайындығы мен жоғары методологиялық сауаттылығы көмегін тигізген.

Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді кәсіби биология мамандығын даярлайтын жоғарғы оқу орындарының білім беру үрдісінде қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Диссертациялық жұмыста *Elaeagnaceae* тұқымдасына жататын өсімдіктердің биологиялық, фитохимиялық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, оның нәтижелері бойынша «Жиделер тұқымдасының емдік қасиеті мен зерттеу әдістері» атты оқу- әдістемелік нұсқаулығы мен «Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер» атты үш тілді электронды атлас-анықтамалығы дайындалып, оқу үрдісіне ендірілген.

Атлас-анықтамалығы Қазақстан территориясында өсетін 120-дан астам дәрілік өсімдіктер туралы қысқаша ақпаратты қамтиды. Әрбір өсімдіктің

дәрілік қасиеттері, Қазақстанда таралу аймағы және сипаттамалық белгілері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген. Сонымен қатар, өсімдіктің фармакологиялық әсерлері, препараттың қолдану аясы мен пайдалану тәртібі қысқаша сипатталған. Көрсетілген фотосуреттер сипатталған өсімдікті дәл анықтауға, оны табиғаттан табуға мүмкіндік береді. Электрондық атлас-анықтама болашақ биолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.

Докторанттың зерттеу жұмысының барысында дайындаған «Жиделер тұқымдасының емдік қасиеті мен зерттеу әдістері» атты оқу-әдістемелік нұсқаулығы мен «Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер» атты үш тілді электронды атлас-анықтамалығын оқу үрлісінде пайдалану болашақ биолог мамандарын даярлауда тәжірибе жүзінде педагогикалық тиімділігін көрсетті.

Үш жылдық зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған және диссертацияда талқыланған эксперименттік материалдар, алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалғандығына, қорғауға ұсынылған қағидалардың дәлдігіне негіздеме береді.

Касимбекова Мерекенің «6D011300-Биология»мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми кәсіби жұмыс болып табылады, PhD доктор дәрежесін алу диссертацияларына қойылатын талаптарға сай және автор философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші
Жаратылыстану факультеті
Педагогика кафедрасының
п.ғ.к., профессоры



Икрамова А.Ш.